

Кеме қатынасы туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 236 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кеме қатынасы туралы келісімнің жобасы мақұлданысын.
2. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Жеңіс Махмұдұлы Қасымбекке Кеме қатынасы туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.01.2019 № 10 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 3 мамырдағы
№ қаулысымен
мақұлданған

Жоба

Кеме қатынасы туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері,

Үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты туралы хаттаманы (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 24 қосымша) іске асыру мақсатында су көлігі саласындағы ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға жәрдемдесуге тілек білдіре отырып,

құқықтардың теңдігі мен өзара тиімділік қағидаттарына сүйене отырып,
төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай мағынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"ішкі су жолдары" – навигациялық белгілермен немесе өзге де тәсілмен белгіленген, кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше

мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) заңнамасына сәйкес кемелерге шет мемлекеттердің туын көтеріп жүзуге рұқсат етілген, мүше мемлекеттердің табиғи немесе қолдан жасалған су қатынасы жолдары;

"екіжақты тасымалдар" – кеме туын көтеріп жүзетін бір мүше мемлекеттің ішкі су жолдарының порттарынан (порттарына) басқа мүше мемлекеттің ішкі су жолдары порттарына (порттарынан) жүктерді, жолаушыларды және олардың багажын тасымалдау, порттарға (порттардан) сүйретіп жүзу;

"кеме капитаны" – кемеде туы көтерілген мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес аттестатталған және лауазымға тағайындалған, кемемені басқаруды, оның ішінде кемемені жүргізуді, кемеменің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кемедегі тәртіпті сақтау, су ортасын қорғау, кемеге, кемедегі адамдар мен жүкке зиян келтіруді болғызбау жөнінде шаралар қабылдауды жүзеге асыратын және кеме иесінің өкілі болып табылатын мүше мемлекеттердің бірінің азаматы;

"мүше мемлекеттің құзыретті органы" – ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты тұжырымдау және нормативтік құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мүше мемлекеттің органы;

"аралас ішкі су жолдары" – бір мезгілде екі және одан көп шектес мүше мемлекеттердің аумағында орналасқан бір су объектісі бассейніне кіретін ішкі су жолдарының учаскелері;

"кеме" – мүше мемлекеттердің бірінің туын көтеріп жүзетін, ұлттық кеме тізіліміне немесе мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кемелердің басқа да тиісті ресми тізбесіне енгізілген, өзінің кеме тізілімінде немесе кемелердің басқа да тиісті ресми тізбесінде тіркеген мүше мемлекет резидентінің иелігіндегі, кеме қатынасы мақсаты үшін пайдаланылатын кез келген кеме. Аталған ұғым спорттық желкенді және серуендік кемелерді, әскери корабльдерді, коммерциялық емес мақсаттарда пайдаланылатын басқа да мемлекеттік кемелерді қамтымайды;

"кеме иесі" – кемеменің меншік иесі болып табылатынына немесе оны өзге де заңды негізде пайдалануына қарамастан, өз атынан кемемені пайдаланатын, мүше мемлекеттің аумағында оның заңнамасына сәйкес тіркелген заңды немесе жеке тұлға;

"кеме қатынасы" – жүктерді, жолаушыларды және олардың багажын тасымалдау, кемелерді және өзге де жүзу объектілерін сүйретіп жүзу үшін кемелерді пайдалануға байланысты қызмет;

"ішкі су жолдары арқылы транзиттік өту" – егер мұндай жүзу мүше мемлекеттің мемлекеттік шекарасын кесіп өту арқылы басталса және аяқталса, мүше мемлекеттің бірінің кемелерінің басқа мүше мемлекеттің ішкі су жолдарында жүктерді тиемей және түсірмей, жолаушыларды отырғызбай және түсірмей басқа мүше мемлекеттің ішкі су жолдары арқылы жүзуі;

"мүше мемлекеттің уәкілетті органы" – өкілеттігіне осы Келісімді іске асырумен байланысты мәселелер кіретін мүше мемлекеттің атқарушы билік органы;

"экипаж мүшесі" – рейс кезінде кемені пайдалануға немесе оған қызмет көрсетуге, он ішінде жолаушыларға қызмет көрсетуге байланысты міндеттерді орындаумен нақты айналысатын және кеме рөліне енгізілген кез келген тұлға.

Осы Келісімде пайдаланылған өзге де ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалған мағыналарда қолданылады.

2-бап

1. Осы Келісім ішкі су жолдары арқылы кемелердің жүзу тәртібін белгілейді.

2. Мүше мемлекеттердің туын көтеріп жүзетін кемелердің, бір мүше мемлекет порттарының арасында басқа мүше мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің тасымалдауды және сүйретіп жүзуді және басқа мүше мемлекеттің және үшінші елдердің порттарына (порттарынан) тасымалдауларды қоспағанда, кеме туын көтеріп жүзетін мүше мемлекет пен басқа мүше мемлекет арасында аралас ішкі су жолдарында жүктерді, жолаушыларды және олардың багажын тасымалдауды, сүйретіп жүзуді, ішкі су жолдары арқылы транзиттік өтуді, екіжақты тасымалдауды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Кеме мүше мемлекеттің ішкі су жолдарында болған кезде аумағында осы жолдар орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасы сақталады. Әрбір Тарап басқа мүше мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерге өз мемлекетінің туын көтеріп жүзетін кемелерге берілетіндей құқықтарды ұсынады.

4. Кемелер ішкі су жолдары арқылы жүзген кезде қарым-қатынас жасау тілі орыс тілі болып табылады.

5. Тараптар мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ішкі су жолдарында ұсынылатын реттелетін қызметтерді көрсетудің бірдей шарттарын қамтамасыз етеді.

3-бап

1. Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кемелердің жүзуі үшін ашық мүше мемлекеттің аумағындағы ішкі су жолдарымен мүше мемлекеттердің туын көтеріп жүзетін кемелердің жүзуі аумағында ішкі су жолдары орналасқан мүше мемлекеттің уәкілетті органына кеме иесі немесе оның өкілі кеменің ішкі су жолдарына кіруіне дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей беретін өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы теріс шешім қабылданған жағдайда өтініш берушіге кіруге өтінішті қарау қорытындысы туралы хабарлайды. Ішкі су жолдарына кіруге кеме габариттерінің ішкі су жолдарында кеме жүзуінің кепілді габариттеріне сәйкес келмеген жағдайда, кеменің аумағында осы жолдар орналасқан мүше мемлекет

заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтіні туралы мәліметтер болған жағдайда, сондай-ақ мүше мемлекеттің қорғанысын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бас тартылады.

2. Екіжақты тасымалдау хабарлама негізінде жүзеге асырылады, оған сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары жыл сайын 1 сәуірге дейін жолаушылар мен олардың багажын тасымалдауды жүзеге асыру, кеме туын көтеріп жүзетін бір мүше мемлекеттің ішкі су жолдарының порттарынан (порттарына) басқа мүше мемлекеттің ішкі су жолдарының порттарына (порттарынан) сүйретіп жүзу үшін жоспарланатын кемелердің алдын ала тізімін келіседі.

3. Кемелер ішкі су жолына кірген (шыққан) кезде аумағында осы жолдар орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін жерге жақын орналасқан мемлекеттік шекара арқылы өткізу пунктінде шекаралық және басқа да бақылау түрлерінен өтуге міндетті.

4. Ішкі су жолдары арқылы жүзуге аумағында осы жолдар орналасқан, мүше мемлекет заңнамасының осындай кемеге қолданылатын талаптарына сай келетін кемеге жол беріледі.

5. Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ішкі су көлігі саласында мемлекеттік бақылауды (мемлекеттік порттық бақылауды) жүзеге асыруға уәкілетті мүше мемлекеттердің органдары өз құзыреті шегінде кемелердің кеме қатынасының қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін тексеруге, сондай-ақ осы кемелердің экипаж мүшелерінің мүше мемлекеттердің ішкі су көлігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

6. Кемелердің ішкі су жолдарының жекелеген учаскелеріндегі қозғалысын шектеу немесе тыйым салу аумағында осы жолдар орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Тараптар өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес порттарда қолданылатын шекаралық, кедендік және өзге де рәсімдерді жеңілдету және оңайлату үшін қажетті шараларды қабылдайды.

8. Мүше мемлекеттердің құзыретті органдары мүше мемлекеттердің ішкі су көлігі саласындағы заңнамасы және оған енгізілген өзгерістер туралы ақпараттармен алмасады.

9. Кемелерді лоцмандық алып өту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4-бап

Кемелерге ішкі су жолдарымен жүзу кезінде:

мүше мемлекеттердің заңнамасында олардың аумақтарына әкелуге және қозғалысына тыйым салынған жүктерді тасымалдауға;

балық аулау, гидрографикалық, зерттеу және кемелердің ішкі су жолдарымен өтуіне байланысты емес басқа да қызметті жүргізуге жол берілмейді.

5-бап

1. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары кемелердің ішкі су жолдарымен жүзуі кезінде кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында навигациялық жабдықтар құралдарының санаттары, кеме жүрісінің кепілдік берілген габариттері, кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарының жұмыс істеу мерзімдері, сондай-ақ ішкі су жолдарында кемелер қозғалысының енгізілетін шектеулері мен оған тыйым салулары туралы бір-біріне хабарлайды.

2. Мүше мемлекеттің туын көтеріп ішкі су жолдарымен жүзуді жүзеге асыратын кемелердің, оның ішінде су бетіндегі габариттерді қоса алғанда, сүйретіп жүзетін объектілердің габариттері аумағында осы жолдар орналасқан мүше мемлекеттер заңнамасының талаптарын ескере отырып жүзу маршрутында ішкі су жолдарының белгіленген габариттерінен асып түспеуі тиіс.

3. Тараптар навигациялық кезеңде өз мемлекеттерінің ішкі су жолдарында кеме жүрісінің мәлімделген кепілдік берілген габариттеріне, кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарының жұмыс істеу мерзімдеріне, сондай-ақ ішкі су жолдарының жекелеген учаскелерінде кемелер қозғалысының енгізілген шектеулеріне және оған тыйым салуға сәйкес мүше мемлекеттердің туларын көтеріп жүзетін кемелердің кедергісіз жүзуіне қауіпсіз жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

6-бап

1. Бір мүше мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелер басқа мүше мемлекеттің ішкі су жолдары арқылы транзиттік өту кезінде және екіжақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде кемедегі қорларды толықтыруға, адамдарға медициналық көмек көрсетуге, сондай-ақ төтенше жағдайлар мен өзге де оқиғаларға байланысты іс-қимылдар жасау үшін осы басқа мүше мемлекет айқындаған, мүше мемлекеттердің туларын көтеріп жүзетін кемелер кіруі үшін ашық тұратын порттарға тәуліктің кез келген уақытында тоқтай алады.

Аталған тоқтаған уақытта екіжақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде межелі порттарды және жүру порттарын қоспағанда, жүк операцияларын, жолаушыларды отырғызуға (түсіруге), өзге де коммерциялық қызметті жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

2. Кеме осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайларда, сондай-ақ авария, көлік оқиғасы, жазатайым оқиға, дүлей апат жағдайында және өзге де айрықша жағдайларда

тоқтаған кезде кеме капитаны немесе ол уәкілеттік берген тұлға бұл туралы ішкі су жолдары бассейнінің әкімшілігін немесе ішкі су жолдарының осы учаскесіндегі кеме қатынастарын реттейтін органды хабардар етуге тиіс.

7-бап

1. Тараптар кеме туын көтеріп жүзетін мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген кеме бортындағы кеме құжаттарын өзара таниды.

2. Тараптар мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес берілген экипаж мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттарды өзара таниды. Мұндай құжаттар:

Армения Республикасында – Армения Республикасы азаматының паспорты;

Беларусь Республикасында – Беларусь Республикасы теңізшісінің ұлттық жеке куәлігі немесе Беларусь Республикасы азаматының паспорты;

Қазақстан Республикасында – Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, паспорты немесе теңізшінің жеке куәлігі;

Қырғыз Республикасында – Қырғыз Республикасы азаматының паспорты (ID - карта) немесе Қырғыз Республикасынан тыс жерде Қырғыз Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын Қырғыз Республикасының жалпы азаматтық паспорты;

Ресей Федерациясында – Ресей Федерациясы теңізшісінің жеке куәлігі, азаматының паспорты немесе Ресей Федерациясынан тыс жерде Ресей Федерациясы азаматының жеке басын куәландыратын Ресей Федерация азаматының паспорты.

3. Тараптар кемелердің капитандары мен экипаж мүшелерінің кеме туын көтеріп жүзетін мүше мемлекет атынан берілген біліктілік құжаттарын таниды.

Кеме экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде мүше мемлекеттердің құзыретті органдарымен жасалатын жекелеген халықаралық ведомствоаралық келісіммен белгіленеді.

8-бап

1. Кеме экипаждары мүшелерінің мүше мемлекеттер аумақтарына келуі, шығуы, онда болуы және орын ауыстыруы мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Бір мүше мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кеме экипажының мүшелері басқа мүше мемлекеттің ішкі су жолдарында және аумағында болған кезде осы басқа мүше мемлекеттің заңнамасын сақтауға жауапты болады.

3. Бір мүше мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кеме экипажының мүшелері басқа мүше мемлекеттің ішкі су жолдарында және аумағында болған кезде осы басқа мүше мемлекеттің азаматтық юрисдикциясы кеме бортындағы ішкі тәртіп пен еңбек қатынастарына қатысты дау болған жағдайларда қолданылмайды.

9-бап

1. Әрбір Тарап өз мемлекетінің ішкі су жолдарында басқа мүше мемлекеттердің туларын көтеріп жүзетін кемелерге және кеме экипаждарының мүшелеріне авариялар, көлік оқиғалары және жазатайым оқиғалар кезінде қажетті көмек көрсететін болады.

2. Басқа мүше мемлекеттің аумағында апатқа ұшыраған, мүше мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемеге осы басқа мүше мемлекет осындай жағдайларда өз туын көтеріп жүзетін кемелерге ұсынатын қызметтер, артықшылықтар мен жеңілдіктерді ұсынатын болады.

3. Ішкі су жолдарындағы аварияларды, көлік оқиғалары мен жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді аумағында осындай авариялар, көлік оқиғалары мен жазатайым оқиғалар болған мүше мемлекеттің уәкілетті органы жүргізеді. Осындай тергеп-тексеруді жүргізуге осы аварияға, көлік оқиғасына немесе жазатайым оқиғаға ұшыраған кеме туын көтеріп жүзетін мүше мемлекеттің уәкілетті органының қатысуға құқығы бар.

4. Мүше мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемемен немесе кемеменің қатысуымен болған аварияның немесе көлік оқиғасының салдарынан келтірілген залалды өтеу туралы талап арызды қарау және осы залалды өтеу, егер тасымалдау (тіркеп сүйреу) шартымен өзгеше көзделмесе, ішкі су жолдарында осындай авария немесе көлік оқиғасы болған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап

Тараптар уәкілетті және құзыретті органдары арасындағы, сондай-ақ су көлігі саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы іскерлік қатынастар мен ынтымақтастыққа қолдау көрсетуге және дамытуға ықпал ететін болады.

11-бап

1. Тараптар осы Келісімнің іске асырылуына жауапты уәкілетті және құзыретті органдарды айқындайды.

2. Тараптар осы Келісімнің депозитарийін осы Келісімнің іске асырылуы үшін жауапты уәкілетті және құзыретті органдар туралы осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдердің орындалуы туралы хабарлаумен бір уақытта хабардар етеді. Уәкілетті немесе құзыретті органның атауы өзгерген жағдайда тиісті Тарап бұл туралы депозитарийді хабардар етеді.

3. Мүше мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осы

Келісімнің 3-бабының 1-тармағында көрсетілген өтінішті қарау тәртібін белгілейді және қажет болған жағдайда мұндай тәртіпке өзгерістер енгізеді.

4. Мүше мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісім күшіне енген күнінен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде осы Келісімнің 7-бабында көрсетілген құжаттардың үлгілерімен, сондай-ақ осы құжаттарды беру қағидаларымен алмасады.

Көрсетілген құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда мүше мемлекеттердің құзыретті органдары мұндай өзгерістер енгізілген күнінен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде басқа мүше мемлекеттердің құзыретті органдарына жаңа құжаттардың үлгілерін және оларды беру қағидаларын жібереді.

12-бап

1. Мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдері және (немесе) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары осы Келісімді іске асыру және ішкі су көлігі саласындағы өзара мүддені білдіретін мәселелерді талқылау мәселелері бойынша кездесуі мүмкін.

2. Тараптар ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыруға және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар бөлігінде өздерінің ұлттық заңнамасын үйлестіру (жақындату және бірдейлендіру) үшін барлық қажетті күш-жігерді жұмсайды.

13-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған тәртіппен шешіледі.

14-бап

1. Осы Келісім депозитарий дипломатиялық арналар бойынша осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2. Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Осы Келісім Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіреді.

20__ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы осы Келісімнің депозитарийі болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол әрбір мүше мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

А р м е н и я
Республикасының
Ү к і м е т і
үшін
Қ ы р ғ ы з
Республикасының
Ү к і м е т і
үшін

Б е л а р у с ь
Республикасының
Ү к і м е т і
үшін
Р е с е й
Федерациясының
Ү к і м е т і
үшін

Қ а з а қ с т а н
Республикасының
Ү к і м е т і
үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК